

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты
Н. Әлімжановқа**

*2020 жылғы 7 қазандағы
№ ДЗ-156 хатқа*

Құрметті Нұрлан Баянғалиұлы!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі –
Министрлік) техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту жөніндегі
Сіздің ұсыныстарыңызға жауап жолдайды.

Қосымша: 3 бетте.

Министр

А. Аймағамбетов

Орын. Алғазина Қ.М.
74-20-44

БАҚ-та еңбек жолын жұмысшы мамандығынан бастаған қоғам қайраткерлері, белгілі азаматтарды дәріптеу қолға алу. Осы мамандықтарды насихаттайтын арнайы журналды, газетті қағаз нұсқада және электронды форматта бірыңғай жүйеде орналастыру

Еңбек қызметін жұмысшы мамандықтардан бастаған белгілі тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін танымал ету мақсатында жыл сайын ТжКБ оқу орындарында 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні аясында Көшбасшылық сабақтарына қоғам қайраткерлерін, әртүрлі салаларда табысқа жеткен ТжКБ жүйесінің түлектерін шақыра отырып, іс-шаралар өткізіледі.

Жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыру және Қазақстанда техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау жүйесін халықаралық деңгейде жетілдіру үшін еліміздің WorldSkills халықаралық қауымдастығына кіруі бойынша шаралар қабылданды.

2015 жылдан бастап жыл сайын 30 құзыреттілік бойынша WorldSkills Kazakhstan Ұлттық чемпионаты өткізіледі. Конкурса қатысушылардың кәсіби дайындық деңгейі 6 бағыттың 30-дан астам техникалық құзыреттілігі бойынша бағаланады: құрылыс технологиялары, өндірістік және инженерлік технологиялар, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, шығармашылық және дизайн, қызмет көрсету саласы және азаматтық көлікке қызмет көрсету. Бұл іс-шаралар БАҚ-та кеңінен жарияланады.

Техникалық және кәсіптік білім берудің 80 жылдығы шеңберінде өңірлерде қарапайым жұмысшыдан ұйым басшысына дейін кәсіби жолдан өткен өңірдің танымал тұлғаларының, осы саланың құрметті ардагерлерінің қатысуымен іс-шаралар өткізілді.

Барлық іс-шаралар БАҚ-та облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының медиажоспарларына сәйкес жарияланады.

Қазіргі уақытта Сіздердің ұсыныстарыңызды ескере отырып, облыстардың білім беру басқармаларымен бірлесіп техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін танымал ету жөніндегі медиажоспар әзірленді. Осы жоспарда танымал адамдармен онлайн-кездесулер, конференциялар, вебинарлар өткізу көзделген. Соңдай-ақ «Кәсіптік білім» журналында «Табысты тұлғалардың өмірінен» айдарын ашу көзделеді, онда танымал адамдардың кәсіби қалыптасуы, табысты еңбек қызметі, белсенді қоғамдық қызметі туралы мақалалар жарияланатын болады.

Халықаралық стандартқа сай бағдарламалар әзірлеуге қатысты

Қазіргі уақытта оқу процесіне халықаралық талаптар негізінде әзірленген 119 білім беру бағдарламасы (мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде) енгізілуде.

Білім беру бағдарламаларының тізбесі «Атамекен» ҚР ҰКП-ның бекітілген кәсіптік стандарттарын ескере отырып, келесі бағыттар бойынша

жасалды: Ауыл шаруашылығы, Көлік және коммуникация, Энергетика, Туризм, Химия өндірісі, IT және робототехника және т.б.

Білім беру бағдарламалары заманауи талаптарды (соның ішінде кәсіптік стандарттар мен WorldSkills құзыреттерін) ескере отырып, модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген және бір мамандық шеңберінде 3-5 біліктілік ала отырып, кадрлар даярлауға бағытталған.

Әзірленген білім беру бағдарламалары кәсіби білім мен дағдыларды біртіндеп арттыру қағидаты бойынша кәсіби құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, модульдік-құзыреттілік тәсілге негізделген бағдарламаларды іске асыру кезінде теориялық және практикалық оқытуды интеграциялау жүзеге асырылады, бұл тез дамып келе жатқан экономика жағдайында мамандар даярлау үшін шешуші фактор болып табылады.

Колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңартуға қатысты

Қазірге уақытта мемлекеттік колледждердің 60 %-ы 1960-80 жылдардағы жабдықтарды пайдаланады, бұл еңбек нарығында сұранысқа ие кадрларды даярлауды қиындатады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне жатады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес колледждерді қазіргі заманғы оқыту құрал жабдықтарымен жарақтандыруға бес жыл ішінде жергілікті бюджет есебінен 6064,2 млн. теңге қарастырылған.

Сондай-ақ, колледждердің оқу-өндірістік шеберханалары мен зертханаларын жарақтандыру жөнінде шаралар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде берген тапсырмасына сәйкес «Жас маман» жобасы шеңберінде іске асырылуда.

«Жас маман» жобасы 100 сұранысқа ие мамандық бойынша 180 колледжді жаңғыртуға бағытталған.

2020 жылы «Жас маман» жобасы шеңберінде 25,8 млрд.теңге сомасына 80 колледж, 2021 жылы 28,8 млрд. теңге сомасына 100 колледж заманауи жабдық жинақтарымен жарақтандырылатын болады.

Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар 80 колледж үшін жабдықтар сатып алу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бүгінде 69 колледжге жабдықтар жеткізілді.

Сонымен қатар, жұмыс берушілер 1367 бірлік жабдық сатып алуға қаражат бөлді. Сенімгерлік басқаруға берілген колледждердің материалдық-

техникалық базасын нығайтуға колледж басқарушылары 20979,0 мың теңге бөлді.

Колледжді үздік бітірген студенттің университетке емтихансыз қабылданып, грант арқылы білім алу мүмкіндігін қарастыру

«Білім туралы» ҚР Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік білім беру гранты есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуы конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Осылайша, конкурсқа қатыспай жоғары білім алуға гранттар бөлу заңнама нормаларына қайшы келеді.

2017 жылдан бастап жергілікті атқарушы органдар өңірдің кадрларға деген қажеттілігіне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға білім беру гранттарын бөлетінін атап өткен жөн.

Сонымен қатар, 2017 жылдан бастап ЖОО-ға ақылы негізде оқуға түскісі келетін колледж түлектері ҰБТ тапсырудан босатылғанын хабарлаймыз. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша білім беру гранты бойынша оқуға ниет білдірген колледж түлектері үшін ҰБТ тапсырады және жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысады. Бұл ретте, білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесіне сәйкес емтихан сессиясының нәтижелері бойынша студенттер ақылы бөлімнен мемлекеттік грант бойынша оқуға ауыса алады.